

Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Алматы қаласы мәслихатының XXII сессиясының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 146 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 қыркүйекте № 1788-02 болып тіркелді. Күші жойылды - VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XL сессиясының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 276 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XL сессиясының 30.12.2025 № 276 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 605-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М. Отыншиев

Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 28 тамыздағы
№ 146 шешіміне
қосымша

Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Сыртқы (көрнекі) жарнама түрлері	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бір жағы үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш – бұдан әрі АЕК)	
		"А" санаты	"В" санаты
1	2	3	4
1.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, 2 шаршы метрге (бұдан әрі - ш.м) дейінгі сыртқы (көрнекі) жарнама	4	2
2.	Лайтбокстар (сити-форматта)	6	3
	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (

3.	көрнекі) жарнаманы қоспағанда, ауданы мынадай сыртқы (көрнекі) жарнама:		
3.1.	2-ден 5 ш.м-ге дейін	10	5
3.2.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	20	10
3.3.	10-нан 20 ш.м-ге дейін	40	20
3.4.	20-дан 30 ш.м-ге дейін	60	30
3.5.	30-дан 50 ш.м-ге дейін	100	50
3.6.	50-ден 70 ш.м-ге дейін	140	70
3.7.	70 ш.м-ден жоғары	200	100
4.	Шатырүсті жарықты сыртқы (көрнекі) жарнама (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неонды әріптер):		
4.1.	30 ш.м-ге дейін	60	30
4.2.	30 ш.м-ден жоғары	100	50
5.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, палаткалардағы, тенттердегі, шатырлардағы, бастырмалардағы, қалқа-шатырлардағы, тулардағы, вымпелдардағы, штандарттардағы, көше жиһаздарындағы (жабдықтарындағы) сыртқы (көрнекі) жарнама:		
5.1.	5 ш.м-ге дейін	2	1
5.2.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	4	2
5.3.	10 ш.м-ден жоғары	6	3
6.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, уақытша типтегі дүңгіршектердегі сыртқы (көрнекі) жарнама:		
6.1.	2 ш.м-ге дейін	4	2
6.2.	2-ден 5 ш.м-ге дейін	4	2
6.3.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	6	3

6.4.	10 ш.м-ден жоғары	16	8
7.	Жылжымалы жайма жарнама	10	10
8.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын, ауданы мынадай сыртқы (көрнекі) жарнама:		
8.1.	20 ш.м-ге дейін	40	20
8.2.	20 ш.м-ден жоғары	60	30
9.	Жүгіртпе жол арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнама	6	3

Санаттар бойынша Алматы қаласының негізгі алаңдары мен магистральдарының тізбесі:

"А" санаты: Достық даңғылы, Керей-Жәнібек хандар көшесі "Медеу" мемлекеттік табиғи паркінің шекарасына дейін, Райымбек даңғылы, Дінмухамед Қонаев көшесі, Құрманғазы Сағырбайұлы көшесі, Абай Құнанбаев даңғылы, Абылай хан даңғылы, Әл-Фараби даңғылы, Нұрсултан Назарбаев даңғылы, Бауыржан Момышулы көшесі, Суюнбай Аронулы даңғылы, Жумағали Сайын көшесі, Сакен Сейфуллин даңғылы, Бекен Жамакаев көшесі, Александр Пушкин көшесі, Тайыр Жароков көшесі, Қаныш Сатпаев көшесі, Хаджимукан Маунайтпасов көшесі, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, Ыбырай Алтынсарин даңғылы, Турар Рыскулов даңғылы, Желтоқсан көшесі, Николай Гоголь көшесі, Жібек Жолы даңғылы, Жамбыл Жабаев көшесі, Қабанбай батыр көшесі, Қарасай батыр көшесі, Бөгенбай батыр көшесі, Төле би көшесі, Қазыбек би көшесі, Айтеке би көшесі, Муқағали Мақатаев көшесі, Бейімбет Майлин көшесі, Өтеген батыр көшесі, Юрий Гагарин даңғылы, Богдан Хмельницкого көшесі, Северное кольцо шоссесі, Абдулла Розыбакиев көшесі, Шәмші Қалдаяқов көшесі, Наурызбай батыр көшесі, Климент Тимирязев көшесі, Ораз Жандосов көшесі, Мағазы Масанчи көшесі, Маншук Маметова көшесі, Тургут Озал көшесі, Омирбек Жолдасбеков көшесі, Малбағар Мендикулов атындағы бульвар, Иван Панфилов көшесі (Әл-Фараби даңғылынан төмен), Махатма Ганди көшесі, Мухтар Ауэзов көшесі, Алишер Навои көшесі, Илияс Жансұгуров көшесі, Федор Шаляпин көшесі, Гани Муратбаев көшесі, Иса Байзақов көшесі, Манас көшесі, Тарас Шевченко көшесі, Шығыс айналма жол, Бурундайская көшесі, үлкен Алматы каналы бойындағы көше, Алихан Бокейханов көшесі, Ермухан Бекмаханов көшесі, Ақан сері көшесі, Байкен Ашимов көшесі, Ахмет Яссауи көшесі, Габиден Мұстафин көшесі, Мухаммед Хайдар Дулати көшесі, Асанбай Асқаров көшесі, Садықов көшесі, Алатау даңғылы, Монке би көшесі, Мағжан Жумабаев көшесі, Рихарда Зорге көшесі, Михаил Шолохов көшесі, Григорий Шемакин көшесі, Жумахан Кудерин көшесі, Петр Емцов көшесі, Бұхар Жырау бульварі, Нургиса Тлендиев көшесі, Евгений Брусиловского көшесі, Султанмахмұд Торайғыров көшесі, Зейнолла Кабдолов көшесі, Ахмет Жубанов көшесі, Фариза Онгарсынова көшесі,

Сабит Муканов көшесі, Серкебаев даңғылы, Юрий Померанцев көшесі, Республика алаңы, "Астана" алаңы, автокөлік айырбастары, әуежай, автовокзалдар мен теміржол вокзалдары, спорттық іс-шаралар өтетін және мәдени-бұқаралық демалыс орындары, қалаға кіру, қаладан шығу.

"В" санаты: "А" санатына кірмеген барлық басқа орындар, алаңдар және автомобиль жолдары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ